

Сегодня очень отчетливо ощущается необходимость серьезной корректировки стратегии и тактики реформы в направлении усиления роли государства в экономике, недопустимости продолжения курса направленного на отказ государства от управления своей собственностью.

Литература

1. Абросимов Н.Р. Особенности управления государственной собственностью в Российской Федерации: учебное пособие. М.: Юрайт, 2010. 386 с.
2. Валдайцев С.В. Управление государственной собственностью: учебное пособие. М.: Юрайт, 2010. 315 с.
3. Горегляд А.В. Бюджетный менеджмент: учебник для вузов. М.: Юнити, 2009. 396 с.
4. Голдман М.А. Приватизация в России: можно ли исправить допущенные ошибки // Проблемы теории и практики управления. 2009. № 4. С. 86-89.
5. Куренков А.Р., Князев В.Л. Инвестиционный менеджмент: Учебник для вузов / М.: МЦФЭР, 2011. 486 с.
6. Липатова И.В. К вопросу эффективности использования государственной собственности // Финансы. 2009. № 7. С. 28-31.
7. Шухардин С., Кузин А. Теоретические аспекты комплексного управления государственным имуществом. М.: Финпресс, 2011. 315 с.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫ ЖОСПАРЛАУ

А.К. Курмангалиева,
ғылыми жетекші Н.Н. Авгамбаева
Қазақстан, Алматы қ,
С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина Университеті

Қоғам дамуын болжаудың негізгі бір бағыты болып экономикалық болжау танылады. Экономикалық болжау объектісі-қоғамдық ұдайы өндіріс процесі, ал зерттеу заты-экономикалық объектілердің даму заңдылықтары, болашақ жай-күйі және экономикалық божамдар жасау, әзірлеу әдістері. Экономикалық болжау дегеніміз экономикалық прогностиканың барлық әдіс-тәсілдерін, құралдарын қолдануға және экономикалық құбылыстарды зерттеудің ғылыми әдістемелеріне негізделген экономикалық божамдар жасау процесі.

Кез келген қоғам, өзінің болашақтағы даму перспективасын анықтап, болжаусыз өмір сүре алмайды. Экономикалық божамдар қоғамның даму мақсатын, сол мақсатқа жетуге қажетті экономикалық ресурстар көлемін – ұзақ, орта, қысқа мерзімдік жоспардың тиімді варианттарын, үкіметтің экономикалық, техникалық саясаттарының негізгі бағыттарын анықтау үшін қажет. Экономикалық божам дегеніміз экономикалық прогностиканың барлық әдіс-тәсілдерін, құралдарын қолдануға және экономикалық құбылыстарды зерттеудің ғылыми әдістемелеріне негізделген экономикалық жоспарлау процесі.

Жоспарлау-экономиканың объективті заңдары мен заңдылықтарын зерттеп түсіне білу және оларды саналы түрде пайдалану арқылы әлеуметтік-экономикалық дамудың жоспарларыш ғылыми негізде дайындау мен олардың орындалуын ұйымдастыру процесі. Жоспарлаудың негізгі мақсаты-экономикада баланстық үйлесім мен макроэкономикалық тұрақтылықты камтамасыз ету үшін белгілі бір пропорциялар мен пропорционалдыққа қол жеткізу.

Экономикалық пропорциялар дегеніміз өндірістің әр түрлі элементтері (машиналар, құрал-саймандар, шикізат және материалдық қорлар, жұмыс күші) арасындағы, әр түрлі

өндіріс салаларының өнім көлемдері арасындағы, түптеп келгенде өндіріс құрылымдары мен өндіру көлемдері және тұтыну құрылымдары мен тұтыну көлемдері арасындағы белгілі сандық қатынастар.

Экономикалық пропорциялар өздігінен (стихиялық) және адамның мақсатты түрде жүргізген әрекеттері нәтижесінде құрылуы мүмкін.

Капиталистік экономикалық формацияның қалыптаса бастаған алғашқы кезеңінде, пропорциялар нарықтық үйлестіру механизмі арқылы және кризистер арқылы қалыптасады. Оған экономиканың даму заңдары үздіксіз ықпал етіп отырады. Тауар өндірушілер экономикалық заңдардың бар-жоғын сезбесе де, сол заңдардың талабына сәйкес қызмет жасайды. Мысалы, ол өндірген тауарына баға қойған кезде, тек өзінің жұмсаған шығынын есептеп қоймай, сонымен бірге базарда қалыптасқан жағдайды ескереді. Оған құн заңы ықпал етеді. Сонымен, бірінен-бірі туындап отыратын, бірімен-бірі тығыз байланыстағы тауар өндірушілер қызметі арқасында экономикада пропорциялар жүйесі қурылады. Яғни, экономиканың құрылымдық бөліктері арасында белгілі бір сандық қатынастар қалыптасады. Оны біз пропорционалдық дейміз.

Өндіріс күштерінің дамуы жоғары деңгейге жеткен кезде, нарықтық үйлестіру механизмі де, кризистер де экономикалық пропорцияларды құруға жеткілікті бола алмайды. Осы жағдайда экономикалық пропорциялар жүйесін, пропорционалдықты саналы түрде құру қажеттілігі туындайды. Саналы түрде құрылған пропорционалдық - жоспарлылық болып табылады.

Жоспарлау төменде көрсетілген міндеттерді атқарады:

1. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын анықтау;
2. Жоспарлы кезең экономикасының сандық және сапалық сипаттамаларын белгілеу;
3. Материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын орынды пайдалану арқылы ғылыми-техникалық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешудің тиімді жолдарын таңдау;
4. Жекелеген салалар мен аумақтардың даму қарқыны мен пропорцияларын анықтау.

Әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспары жыл сайын республика, облыс, сондай-ақ аудандар мен қалалардың орта мерзімге дейін арналып әзірленеді және әміршілдік емес, ұсыныс сипатына ие, яғни нарық субъектілеріне бағыт беруші болып табылады. Индикативтік жоспар экономиканың барлық салалары (қаржы, өнеркәсіп, көлік, ауыл шаруашылық, экспорт, импорт және т.б.) бойынша аймақтың алдағы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаты мен міндеттерін және негізгі бағыттарын қамтанды.

Индикативтік жоспарлау қазіргі таңда тұрған мәселелерді кешенді шешуге және этап бойынша стратегиялық мақсаттарға жетуге бағыттылған мемлекеттің орта және ағымды мерзімге әлеуметтік-экономикалық саясатын айқындайды.

Жоспарлау барысында, ең алдымен мақсат айқындалады немесе жобаланған кезеңде неге жетуіміз керек. Сосын стратегия айқындалады, қойылған мақсатқа жетуге есептелген істің тәуір болып бітіуінің тәсілдерін таңдалады. Қолда бар ресурс, басымдылықтарға және мүмкіндіктерге қарай, р экономика саласының стратегиясы жасалынады.

Мұнда облыстың әлеуметтік-экономикалық даму перспективалары өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның, шағын және орта бизнестік, кедейшілікпен және жұмыссыздыққа қарсы күрестің басымды бағыттары қарастырылады.

Басқа елдердегі жоспарлау тәжірибесін біздің әлеуметтік-экономикалық жағдапымызға өзгертпей көшіріп алу мүмкін емес. Бұл келесі объективті сипаттағы себептерге байланысты:

1. Республика басқа елдерден саяси, табиғи-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық, этно-мәдени және тағы да басқа себептерге байланысты өзгешеленеді;
2. Қазіргі Қазақстан жағдайында біз ұлттық экономиканы құру процесіндеміз және де әлемдік экономикалық тарихта әкімшілік-жоспарлық шаруашышықтан нарықтық экономикаға өткен бізге ұқсас бір ел жоқ;

3. Басқару жүйесі мен шаруашылықта негізгі өзгерістер белгілі бір себептерге байланысты тиісті негіздеусіз жүргізіледі және "революциялық" көрініс табады, ал нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу шаралары олардың эволюциялық даму "нәтижесі" болып табылады.

Бірақ та шет елдер тәжірибесін ғылыми қорытындылау қажеттігі келесі жағдайлар бойынша түсіндіріледі: біріншіден, экономиканы мемлекеттік реттеудің қағидалары мен жүйесінің тұжырымдамалы негізін, түбірін анықтауға мүмкіндік туады, екіншіден, аралас экономиканың жалпы заңдылықтарын анықтау мүмкіндігі туады, және де бұл Қазақстан жағдайында мемлекеттік реттеудің механизмдерін "түйістіруге" мүмкіндік жасайды, үшіншіден, мұндай толықтыру мемлекеттік реттеудің нәтижелерін салыстырып талдауға мүмкіндік береді және де керек болған жағдайда экономикалық реформаларды құруды, әлемдік шаруашылық процеске республиканың араласу мөлшерін ескере отырып, реформаларды дұрыс жолмен жүргізуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық процестерге мемлекеттің араласу тәжірибесін үйренуден шығаратын қорытынды – көптеген алдыңғы қатарлы елдерде экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі құралдары ретінде халық шаруашылығы дамуының мақсаттары мен басымдылықтарын анықтау, болжау, жоспарлау, бағдарлама жасау қарастырылады.

Осыған байланысты, шет елдердің жоспарды жасау және қолдану тәжірибесін зерттеу өте маңызды. Өнеркәсібі дамыған елдерде (АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Германия, Қытай) индикативті жоспарлау-нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеуші тәсілінің бірі болып жоғары нәтижесін дәлелдеді және осы елдердің тәжірибесі белгілі бір қызығушылық туғызады.

Капиталистік елдерде бағдарламалаудың алғашқы кезеңдерінде экономиканы басқарудың саларалық қағидасы қолданылды. Францияда дайындалған саларалық бағдарламалар барлық шешуші экономикалық салаларды қамтиді және олардың дамуын маңызды және тұтастай болжауда үлкен рөл атқарады. Бұл тәжірибе біздің жағдайға пайдалы болар еді. Нарықтық жүйеге көшуге байланысты эйфория халық шаруашылық мәселелерін тиімді шешу жолдарын кейінге қалдырады. Францияда ағымды, орта мерзімдегі жоспарлаудың ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық мәселелерін арнайы мемлекеттік органдар шешеді, бұл қызметті Жоспарлау бойынша Комиссириат жүргізеді.

Реттеуші органдардың басты міндеттерінің бірі аймақтардың үйлесімді кешенді дамуын қамтамасыз ету. Мысалы, Францияда 1982 жылы жүргізілген реформалардың нәтижесінде аймақтық шаруашылық жүйесін басқару иерархиясының үш деңгейінің функциялары ажыратылған (коммуналдар, департаменттер және аймақтар). Ал департамент құрамына кіретін кантондар мен аудандардың өзіндік даму мәселелерін шешуде құқықтық және ұйымдастырушылық тәуелсіздігі жоқ.

Халық шаруашылығында аймақтық мәселелер мен оларды салалық экономикамен үйлесімді байланыстыруға Швецияның, Англияның, Германияның және де басқа дамыған нарықтық жүйедегі елдердің көптеген үкіметтік шешімдері арналған. Бұл шешімдердегі басты ой, жергілікті билік органдары езінің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүргізе отырып жалпы мемлекеттік және макроэкономикалық мақсатқа жету.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдуллаев А. Экономикалық теория. Алматы, 2009.
2. Әубәкіров Я.Ә., Байжұмаев Б.Б. Экономикалық теория. Алматы, 2009.
3. Назарбаевтың Н.Ә. Әлеуметтік – экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты, 2010.